

«Тарих және география» кафедрасы

«Тарих және география» кафедрасы университет алғаш ашылған кезеңнен бастап, жұмыс жасап келе жатқан кафедра. Кафедра 5B011400 - Тарих, 5B011600 - География мамандықтары бойынша мамандар даярлайды. Алғашқыда кафедра «Қоғамдық ғылымдар» кафедрасының құрамында болып жұмыс атқарып, 2005-2006 оқу жылында «Тарих, география және биохимия» кафедрасы, ал 2007 жылдан осы күнге дейін «Тарих және география» кафедрасы болып аталады.

Кафедраның мақсаты:

Қазақстан Республикасының қазіргі заманғы білім беруінің жалпы ұлттық мақсаты болып оның бірінғайлы әлемдік білім беру кеңістігіне енуі болып табылады.

Таңдалған ғылым саласында толыққанды білім мен дағдыларды алуға даяр кәсіби

кадрларды практикалық қызметке дайындау. Жеке тұлғаның барлық қабілеттерін іске асыруы болып табылады. Толыққанды және сапалы жоғары базалық білім алу, тарих ғылымы саласындағы және мектепте тарихты оқытуда біліктілігінің жетік болуы.

Миссиясы: ҚР аймақтарында жұмыс берушілерінің барлық талаптарына сай жоғары білікті және бәсекеге қабілетті кадрларды дайындау мақсатында инновациялық технология негізінде білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру.

Басты бағдар:

«Тарих және география» кафедрасында екі бағыт бойынша мамандар даярлайды.

«5B011400-Тарих» мамандығы: «5B011400-Тарих» мамандығы бойынша бітірген түлектерге «Тарих бакалавры» дәрежесін береді.

Кәсіби қызмет саласы:

5B011400-Тарих мамандығы бойынша білім бакалавры өзінің кәсіби қызметін білім беру саласында атқарады.

Кәсіби қызмет нысандары:

жалпы орта білім беретін негізгі және бейіндік мектептер;

мамандандырылған мектептер;

-техникалық және кәсіптік білім беретін ұйымдар.

"5B011600–География" мамандығы: «5B011600-География» мамандығы бойынша бітірген түлектерге «География бакалвры» дәрежесін береді.

Кәсіби қызмет саласы:

5B011600- География мамандығы бойынша білім бакалавры өзінің кәсіби қызметін білім беру саласында атқарады.

Кәсіби қызмет нысандары:

жалпы орта білім беретін негізгі және бейіндік мектептер:

-мамандандырылған мектептер;

-техникалық және кәсіптік білім беретін ұйымдары болып табылады.

"География бакалавры" біліктілігі бойынша бітірушілер мынадай қызметтерді атқара алады:

- білім беру (педагогикалық), әр түрлі оқу орындарында география мұғалімі ретінде (мектептерде, гимназияларда, лицейлерде, колледждерде және т.с.с.);

- ғылыми-зерттеу, мамандық пен мамандандыру бағытындағы пәндер бойынша әртүрлі мекемелерде, ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындай алады;

- жобалау, жоба жасау мен конструкторлық орындарда, жалпы және арнайы жобалар немесе нұсқалар